**Мемлекеттік орман қорында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарында орманды пайдаланғаны үшін төлем төлеу мөлшерлемелері туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай облысы мәслихатының 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 306 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 14 маусымда № 3721 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 95 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 08.12.2016 № 95 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырыпта және бүкіл мәтін бойынша "ставкалары", "ставкасы" сөздері "мөлшерлемелері", "мөлшерлемесі" сөздерімен ауыстырылды - Қостанай облысы мәслихатының 14.07.2016 № 50 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 506 -бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 5-тармағына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Белгіленсін:

1) Қостанай облысы бойынша мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш шырындарын дайындауға төлем мөлшерлемелері (1 қосымша);

2) Қостанай облысы бойынша мемлекеттік орман қоры учаскелерінде екінші дәрежедегі ағаш ресурстарын дайындауға төлем мөлшерлемелері (2 қосымша);

3) Қостанай облысы бойынша мемлекеттік орман қоры учаскелерін және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарында аңшылық шаруашылығы мұқтаждықтары үшін, ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, туристік, рекреациялық және спорт мақсаттарына пайдалануға төлем мөлшерлемелері (3 қосымша);

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы мәслихатының 2011.06.10 № 391 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4) Қостанай облысы бойынша мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды қосалқы пайдалануға төлем мөлшерлемелері (4 қосымша).

2. Осы шешім алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Сессияның төрағасы* | *Қ. Жаманбалин* |
| *Қостанай облыстық мәслихатының хатшысы* | *С. Төкенов* |

КЕЛІСІЛДІ:
"Қостанай облысы әкімдігінің
табиғи ресурстар және табиғат
пайдалануды реттеу басқармасы"
мемлекеттік мекемесі (ММ) бастығы
__________________ Қ. Төлеубаев
2010 жылғы 30 сәуір
"Қостанай облысы әкімдігінің
қаржы басқармасы" ММ бастығы
_________ С. Аймұхамбетова
2010 жылғы 30 сәуір
"Қостанай облысы әкімдігінің
экономика және бюджеттік жоспарлау
басқармасы" ММ бастығы
________________ М. Щеглова
2010 жылғы 30 сәуір

Мәслихаттың
2010 жылғы 30 сәуірдегі
№ 306 шешіміне 1 қосымшасы

# Қостанай облысы бойынша мемлекеттік орман қоры учаскілерінде ағаш шырынын дайындауға төлем мөлшерлемелері

| Орман пайдалану түрлері | Нарық құнының әдісі | | Ормандарды қайта өндіруге арналған шығындардың әдісі | |
|---|---|---|---|---|
| | Өлшем бірлігі | Төлем мөлшерлемесі (теңге) | Өлшем бірлігі | Төлем мөлшерлемесі (теңге) |
| Ағаштардың шырыны дайындау (қайың шырыны) | центнер | 1600 | гектар | 228 |

Мәслихаттың
2010 жылғы 30 сәуірдегі
№ 306 шешіміне 2 қосымшасы

## Қостанай облысы бойынша мемлекеттік орман қоры учаскілерінде екінші дәрежелі ағаш ресурстарын дайындауға төлем мөлшерлемелері

| Ағашты-бұталы тұқымдардың атауы | Ормандарды қайта өндіруге арналған шығындардың әдісі | |
|---|---|---|
| | Өлшем бірлігі | Төлем мөлшерлемесі (айлық есептік көрсеткіш) |
| 1. Қайың: | | |
| қабық | тонна | 0,016 |
| бұтақтар | тонна | 0,032 |
| түбірлері | тонна | 0,008 |
| тамырлары | тонна | 0,048 |
| жапырақтар | тонна | 0,024 |
| бүршіктер | килограмм | 0,016 |
| 2. Қарағай: | | |
| қабық | тонна | 0,021 |
| бұтақтар | тонна | 0,042 |
| түбірлері | тонна | 0,011 |
| тамырлары | тонна | 0,063 |
| жапырақтар | тонна | 0,032 |
| бүршіктер | килограм | 0,021 |
| 3. Көктерек, терек | | |
| қабық | тонна | 0,011 |
| бұтақтар | тонна | 0,022 |
| түбірлері | тонна | 0,01 |
| тамырлары | тонна | 0,033 |
| жапырақтар | тонна | 0,02 |
| бүршіктер | килограмм | 0,011 |
| 4. Сары қараған, бұталы талдар, шырғанақ, жүзгін, чингил және басқа бұталар (бұтақтар) | тонна | 0,024 |

Мәслихаттың
2011 жылғы 10 маусымдағы
№ 391 шешіміне 3 қосымшасы

Мәслихаттың
2010 жылғы 30 сәуірдегі
№ 306 шешіміне 3 қосымшасы

## Қостанай облысы бойынша мемлекеттік орман қоры учаскілерін аңшылық шаруашылығы мұқтаждықтар

## үшін, ғылыми-зерттеулік, мәдениетті-сауықтыру, туристтік, рекреациялық және спорт мақсатында пайдалануға төлем мөлшерлемелері

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы мәслихатының 2011.06.10. № 391 (рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

| Орман пайдалану түрлері, соның ішінде мерзім бойынша | Ормандарды қайта өндіруге арналған шығындардың әдісі | |
|---|---|---|
| | Өлшем бірлігі | Төлем мөлшерлемесі |
| 1. Ұзақ мерзімді орман пайдалану (10 жылдан 49 жылға дейін) | | |
| Мемлекеттік орман қоры учаскілерін ғылыми-зерттеулік мақсатымен пайдалану | гектар | жылына 614 тенге |
| Мемлекеттік орман қоры учаскілерін мәдени-сауықтыру, тынығу, туристік және спорттық мақсаттарымен пайдалану | гектар | жылына 2673 тенге |
| Мемлекеттік орман қоры учаскілерін аңшылық шаруашылығы қажеттіліктеріне пайдалану | гектар | жылына 0 тенге |
| 2. Қысқа мерзімді орман пайдалану (1 жылға дейін) | | |
| Мемлекеттік орман қоры учаскілерін және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарында ғылыми-зерттеу мақсаты үшін пайдалану | адамнан әр күн сайын | 0,1 айлық есептік көрсеткішінен |
| Мемлекеттік орман қоры учаскілерін мәдени-сауықтыру, тынығу, туристік және спорттық мақсаттарымен пайдалану | адамнан әр күн сайын | 0,1 айлық есептік көрсеткішінен |

Мәслихаттың
2010 жылғы 30 сәуірдегі
№ 306 шешіміне 4 қосымшасы

## Қостанай облысы бойынша мемлекеттік орман қоры учаскілерінде орманды қосалқы пайдалануға төлем мөлшерлемелері

| Орман пайдалану | Нарық құнының | Ормандарды қайта |
|---|---|---|

| түрлері, соның ішінде мерзім бойынша | әдісі | | өндіруге арналған шығындардың әдісі | |
|---|---|---|---|---|
| | Өлшем бірлігі | Төлем мөлшерлемесі (теңге) | Өлшем бірлігі | Төлем мөлшерлемесі (теңге) |
| 1. Ұзақ мерзімді орман пайдалану (10 жылдан 49 жылға дейін) | | | | |
| Шөп шабу (жеке кәсіпкерлікке үшін): | | | | |
| өнімділігі гектарынан 8 центнерден | | | гектар | 218 |
| өнімділігі гектарынан 5 центнерден | | | гектар | 164 |
| өнімділігі гектарынан 5 центнерге дейін | | | гектар | 127 |
| Малдың бағуы (жеке кәсіпкерлікке үшін) | | | жайылым қоныста-рының 1 гектары | 127 |
| 2. Қысқа мерзімді орман пайдалану (1 жылға дейін) | | | | |
| Шөп шабу (жеке кәсіпкерлікке үшін): | | | | |
| өнімділігі гектарынан 8 центнерден | | | гектар | 218 |
| өнімділігі гектарынан 5 центнерден | | | гектар | 164 |
| өнімділігі гектарынан 5 центнерге дейін | | | гектар | 127 |
| Малдың бағуы (жеке кәсіпкерлікке үшін) | | | жайылым қоныста-рының 1 гектары | 127 |
| Дәрі-дәрмек өсімдіктерді дайындау және жинау: | | | | |
| дәрі-дәрмекті бүршікгүл | килограмм | 6 | | |
| шегіршін жапырақты жұлдызгүл | килограмм | 6 | | |
| аққурай лаңса | килограмм | 6 | | |
| ащы жусан | килограмм | 3 | | |
| жалаң мия (тамыры) | килограмм | 6 | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| кәдімгі мыңжапырақ | килограмм | 6 | | |
| Маршаллиев жебіршөбі | килограмм | 5 | | |
| тікенді итмұрын (тұқымдары) | килограмм | 6 | | |
| коричті итмұрын (тұқымдары) | килограмм | 6 | | |
| Ара ұялары мен балшелектерді орналастыру | | | айына 1 ара ұясы үшін | 30 |
| Бақшы егу, бақша шаруашылығы және басқа ауылшаруашылық тұқымдарды өсіру | гектар | "Салық және бюджетке төленетің басқа да міндетті төлемдер туралы" 378-бап | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК